

СИЛЛАБУС
2026-2027 оқу жылының күзгі семестрі
«БВ02214–Әлеуметтік-мәдени антропология» білім беру бағдарламасы бойынша

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтары (СС)	Зерт. сабақтары (ЗС)		
Әлеуметтік-мәдени антропологияның зерттеу әдістері	5	3	3		6	6

ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы	
Оффлайн	БП. Жоғары оқу компоненті	Проблемалық, аналитикалық	Пікірталас, сұрақтарға жауап беру, презентация.	Оффлайн жазбаша	
Дәріскер (лер)	Әбдінәсір Назира Нұрқожақызы				
e-mail:	nazzira.abdinassir@gmail.com				
Телефоны:	+77076100958				
Ассистент (тер)	Әбдінәсір Назира Нұрқожақызы				
e-mail:	nazzira.abdinassir@gmail.com				
Телефоны:	+77076100958				

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
Пәннің мақсаты: Студенттерде әлеуметтік-мәдени антропологиядағы зерттеу әдістерінің теориялық-әдіснамалық негіздерін терең түсіну,	1 (когнитивті) Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы зерттеу әдістерінің теориялық және әдіснамалық негіздерін түсіндіреді. Антропологиялық зерттеудің әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі орнын, сапалық және сандық тәсілдердің өзара байланысын, зерттеу мәселесі мен ғылыми сұрақ құрастырудың маңызын сипаттайды.	1.1 – Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы зерттеу әдісі, әдіснама, далалық зерттеу, эмпирикалық дерек, сапалық және сандық тәсіл ұғымдарының мазмұнын ажыратады;
		1.2 Антропологиялық зерттеудің негізгі теориялық-әдіснамалық бағыттарын және олардың әлеуметтік ғылымдармен байланысын сипаттайды;

антропологиялық далалық зерттеуді жоспарлау, жүргізу және ғылыми түрғыдан интерпретациялау қабілетін қалыптастыру. Пән білім алушыларға мәдени тәжірибелерді, әлеуметтік қатынастарды, күнделікті өмір формаларын, қауымдастықтар мен символдық мағыналарды зерттеуде сапалық және сандық әдістерді орынды қолдануға, зерттеу дизайнын құрастыруға, дерек жинау мен талдаудың этикалық, рефлексивті және ғылыми талаптарын сақтауға бағытталған. Курс барысында студенттер қатыса бақылау, сұхбат, сауалнама, іріктеу, далалық жазба, мәдени домендерді талдау, мәтіндік және визуалды деректерді интерпретациялау сияқты антропологиялық зерттеу құралдарын меңгеріп, шағын эмпирикалық зерттеу жүргізу дағдыларын дамытады.	2. (функционалды) Антропологиялық зерттеу дизайнын құрастырады және дерек жинау әдістерін ғылыми мақсатқа сәйкес таңдайды. Зерттеу объектісі мен пәнін анықтап, іріктеу стратегияларын, информант таңдауды, зерттеу алаңына кіру жолдарын және дерек жинау кезеңдерін жоспарлайды.	1.3 Зерттеу мәселесін, зерттеу сұрағын, мақсат-міндеттерді және ғылыми болжамды антропологиялық зерттеу логикасына сәйкес тұжырымдайды.
		2.1. Антропологиялық зерттеу дизайнының құрылымын, зерттеу кезеңдерін және әдіс таңдаудың ғылыми негіздерін түсіндіреді;
		2.2 – Іріктеу түрлерін, информанттарды таңдау тәсілдерін және зерттеу алаңына кіру стратегияларын қолданады; 2.3 – Қатыса бақылау, сұхбат, сауалнама, мәдени домендерді талдау және визуалды дерек жинау әдістерін зерттеу мақсатына сәйкес негіздейді.
	3. (функционалды) Далалық зерттеу әдістерін қолдана отырып, әлеуметтік-мәдени құбылыстар туралы эмпирикалық дерек жинайды. Қатыса бақылау, құрылымданбаған және жартылай құрылымданған сұхбат, далалық күнделік, тікелей және жанама бақылау әдістерін тәжірибеде қолдану арқылы мәдени тәжірибелер мен күнделікті әлеуметтік әрекеттерді сипаттайды..	3.1 - Қатыса бақылау мен этнографиялық бақылаудың ерекшеліктерін ажыратып, оларды нақты зерттеу жағдайында қолданады;
		3.2 - Құрылымданбаған, жартылай құрылымданған және құрылымданған сұхбат сұрақтарын құрастырып, сұхбат жүргізудің негізгі талаптарын сақтайды;
		3.3 – Далалық жазба, бақылау хаттамасы және зерттеушілік рефлексия арқылы жиналған деректерді жүйелейді.
	4. (жүйелік) Жиналған антропологиялық деректерді талдайды және ғылыми интерпретация жасайды. Сапалық деректерді кодтау, тақырыптық талдау, мәтіндік және визуалды материалдарды интерпретациялау, мәдени мағыналарды салыстыру және зерттеу нәтижелерін теориялық ұғымдармен байланыстыру дағдыларын көрсетеді.	4.1 Сапалық деректерді бастапқы кодтау, категориялау және тақырыптық талдау тәсілдерін қолданады;
		4.2 – Мәтіндік, сұхбаттық, визуалды және бақылау деректерін антропологиялық ұғымдар арқылы интерпретациялайды;.
		4.3 - Эмпирикалық деректер негізінде мәдени үлгілерді, әлеуметтік қатынастарды және символдық мағыналарды ғылыми түрғыдан түсіндіреді.
	5. (жүйелік) Антропологиялық зерттеудің этикалық, рефлексивті және қолданбалы өлшемдерін бағалайды.	5.1 - Антропологиялық зерттеудегі этикалық қағидаларды, ақпараттандырылған келісім,

	Зерттеуші позициясын, информантпен қарым-қатынасты, келісім алу, құпиялық, репрезентация, билік қатынастары және зерттеу нәтижелерін қоғамға ұсыну мәселелерін сыни тұрғыдан талдайды.	құпиялық және зерттелушіге зиян келтірмеу принциптерін түсіндіреді;
		5.2 Зерттеушінің позициясы, рефлексивтілік, мәдени сезімталдық және репрезентация мәселелерін нақты зерттеу жағдайларымен байланыстырады;
		5.3 – Шағын антропологиялық зерттеу жобасын әзірлеп, оның нәтижелерін академиялық және қоғамдық аудиторияға ұсыну жолдарын негіздейді.
Пререквизиттер	•Әлеуметтік-мәдени антропологияға кіріспе; •Антропология тарихы мен теориясы;	
Постреквизиттер	Қала антропологиясы; Визуалды антропология; Медициналық антропология; Саяси антропология; Қолданбалы антропология;	
Оқу ресурстары	Әдебиеттер Негізгі: 1. Bernard, H. Russell. (2018). <i>Research Methods in Anthropology: Qualitative and Quantitative Approaches</i> (6th ed.). Lanham, MD: Rowman & Littlefield. 2. Spradley, James P. (1980). <i>Participant Observation</i>. New York: Holt, Rinehart and Winston. 3. Spradley, James P. (1979). <i>The Ethnographic Interview</i>. New York: Holt, Rinehart and Winston. 4. Agar, Michael. (1996). <i>The Professional Stranger: An Informal Introduction to Ethnography</i> (2nd ed.). San Diego: Academic Press. 5. Hammersley, Martyn & Atkinson, Paul. (2019). <i>Ethnography: Principles in Practice</i> (4th ed.). London: Routledge. 6. Emerson, Robert M., Fretz, Rachel I. & Shaw, Linda L. (2011). <i>Writing Ethnographic Fieldnotes</i> (2nd ed.). Chicago: The University of Chicago Press. 7. Geertz, Clifford. (1973). <i>The Interpretation of Cultures</i>. New York: Basic Books. 8. Pink, Sarah. (2021). <i>Doing Visual Ethnography</i> (4th ed.). London: Sage Publications. 9. Denzin, Norman K. & Lincoln, Yvonna S. (Eds.). (2023). <i>The SAGE Handbook of Qualitative Research</i> (6th ed.). Thousand Oaks, CA: Sage Publications. Қосымша 10. Flick, Uwe. (2022). <i>An Introduction to Qualitative Research</i> (7th ed.). London: Sage Publications. 11. Pelto, Pertti J. (2013). <i>Applied Ethnography: Guidelines for Field Research</i>. Walnut Creek, CA: Left Coast Press.	

	12. Creswell, John W. & Poth, Cheryl N. (2018). <i>Qualitative Inquiry and Research Design: Choosing Among Five Approaches</i> (4th ed.). Thousand Oaks, CA: Sage Publications. Zukin, Sharon. (1995). <i>The Cultures of Cities</i>. Oxford: Blackwell Publishers. 13. Harvey, David. (2012). <i>Rebel Cities: From the Right to the City to the Urban Revolution</i>. London: Verso. Ресурстар: Зерттеушілік инфрақұрылымы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты – Қазақстандағы этнология, антропология, тарихи демография, дәстүрлі мәдениет және әлеуметтік-мәдени үдерістерді зерттейтін негізгі ғылыми мекеме. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі – этнография, антропология және материалдық емес мәдени мұра бойынша ғылыми зерттеулерді, далалық экспедицияларды және ғылыми қорлармен жұмысты ұйымдастыратын ұлттық ғылыми-мәдени орталық. Қазақстан халқы Ассамблеясы – этносаралық қатынастарды, әлеуметтік келісім мен мәдени әртүрлілікті зерттеуге арналған тәжірибелік және қолданбалы зерттеу алаңы. ҚР Ұлттық кітапханасы – психология, этнопсихология, мәдениеттану және әлеуметтік ғылымдар бойынша бай ғылыми әдебиет қоры. Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы (Scopus, Web of Science, JSTOR, AnthroSource, eLIBRARY және т.б.); Интернет-ресурстар (AAA, EASA, SAGE, UNESCO, HRAF, Anthropology News және т.б.). https://www.apa.org https://psycnet.apa.org https://scholar.google.com https://www.sciencedirect.com https://link.springer.com https://www.assembly.kz https://e-history.kz
Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

	Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагият, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «<u>Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері</u>», «<u>Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары</u>», «<u>Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі</u>» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, жоғарыда көрсетілген телефон/e-mail немесе ZOOM бейне байланыс арқылы: https://meet.google.com/ucd-pqrj-oyt кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massive openline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.
--	---

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	

				(пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	0
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	38
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	22
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	0
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ	100
FX	0,5	25-49			
F	0	0-49			

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
	Модуль 1. Әлеуметтік-мәдени антропологиялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздер		
1	Дәріс (теориялық): Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы ғылыми зерттеу: пәні, мақсаты және әдіснамалық негіздері	2	
1	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы зерттеу парадигмалары	2	
2	Дәріс (аналитикалық): Антропологиялық зерттеуді жоспарлау: ғылыми мәселе, зерттеу сұрағы және зерттеу дизайны	2	
2	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Әмбебаптық пен мәдени ерекшелік мәселесі: ғылыми пікірталастар	2	10
3	Дәріс (аналитикалық): Антропологиялық зерттеулердегі зерттеу стратегиялары және іріктеу әдістері	2	
3	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Антропологиялық зерттеулердегі информанттарды таңдау және зерттеу алаңын анықтау	2	10

	Модуль 2. Өлеуметтік-мәдени антропологиядағы эмпирикалық зерттеу әдістері		
4	Дәріс (аналитикалық): Антропологиялық сұхбат жүргізу әдістері: құрылымданбаған, жартылай құрылымданған және құрылымданған сұхбат	2	
4	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Антропологиялық сұхбат құрастыру және жүргізу тәжірибесі	2	10
	СӨОЖ 1 Берілген СӨЖ тапсырмасы бойынша зерттеу сұхбатының жоспарын талқылау және кеңес беру.		
5	Дәріс (теориялық): Қатыса бақылау (Participant Observation): антропологиялық далалық зерттеудің негізгі әдісі	2	
5	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Бақылау жүргізу техникасы және зерттеушінің рефлексивтілігі	2	10
5	СӨЖ 1: Қоғамдық кеңістікте шағын қатыса бақылау жүргізу және этнографиялық сипаттама дайындау		15
6	Дәріс (теориялық): Этнографиялық далалық жазба (Field Notes): деректерді тіркеу, жүйелеу және ғылыми ұйымдастыру	2	
6	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Далалық күнделік жазу және этнографиялық жазбаларды рәсімдеу	2	10
	СӨОЖ 1 - Берілген СӨЖ 1 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
7	Дәріс (теориялық) Мәдени домендерді зерттеу әдістері: Free Listing, Pile Sort, Cultural Domain Analysis	2	
7	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Мәдени домендерді талдау және алғашқы деректерді жүйелеу	2	10
7	СӨЖ 2: Антропологиялық сұхбат пен бақылау нәтижелері негізінде мәдени доменге қысқаша талдау жасау		15
8	Дәріс (теориялық): Антропологиялық зерттеудегі зерттеу этикасы, рефлексивтілік және деректердің сенімділігі	2	
8	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Антропологиялық зерттеулердегі этикалық дилеммалар және Case Study талдау	2	10
	СӨОЖ 3 - Берілген СӨЖ тапсырмасы бойынша кеңес беру және аралық бағалауға дайындық.		
	АБ 1 - Антропологиялық зерттеу жобасы және далалық зерттеу портфолиосын қорғау		100
9	Дәріс (аналитикалық) Антропологиялық деректерді ұйымдастыру және сапалық талдау: кодтау, категориялау және тақырыптық талдау (Thematic Analysis). NVivo бағдарламасының мүмкіндіктері	2	
9	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): NVivo бағдарламасында сұхбат мәтіндерін импорттау, бастапқы кодтарды құру және тақырыптық талдау жүргізу	2	8
9	СӨЖ 3: Өзінің далалық зерттеуінен алынған сұхбат немесе бақылау материалдарын NVivo бағдарламасында бастапқы деңгейде кодтап, негізгі тақырыптарды анықтау		15
	Модуль 3. Далалық зерттеулер және ғылыми этика		
10	Дәріс (аналитикалық): Сандық антропологиялық зерттеу негіздері: сауалнама құрастыру, деректерді кодтау және SPSS бағдарламасына енгізу	2	

10	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): SPSS бағдарламасында деректер базасын құру, айнымалыларды енгізу және сипаттамалық статистиканы (жиілік, пайыз, орташа мән) есептеу	2	8
	СӨОЖ 4 - SPSS бағдарламасында орындалған тапсырмалар бойынша кеңес беру және нәтижелерді талқылау		
11	Дәріс (проблемалық): Антропологиялық зерттеулердегі аралас әдістер (Mixed Methods) және SmartPLS бағдарламасына кіріспе	2	
11	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): SmartPLS бағдарламасында қарапайым концептуалдық модель құру және көрсеткіштер арасындағы байланыстарды визуализациялау	2	8
11	СӨЖ 4: Қазіргі кезеңдегі антропологиялық зерттеулер: цифрлық этнография, визуалды антропология, жасанды интеллект және ғылыми нәтижелерді қоғамға ұсыну (Public Anthropology)		15
	Модуль 4. Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы заманауи зерттеу әдістері және ғылыми коммуникация		
12	Дәріс (проблемалық) Қазіргі кезеңдегі антропологиялық зерттеулердің даму деңгейі	2	
12	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): NVivo, SPSS және SmartPLS бағдарламаларын қолдану арқылы зерттеу нәтижелерін кешенді талдау	2	8
	СӨОЖ 5 - Берілген СӨЖ 5 тапсырмасы бойынша кеңес беру, бағдарламаларда орындалған талдау нәтижелерін талқылау		
13	Дәріс (проблемалық): Digital Ethnography: цифрлық кеңістік пен онлайн қауымдастықтарды антропологиялық зерттеу әдістері	2	
13	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларда виртуалды этнографиялық бақылау жүргізу	2	8
13	СӨЖ 5: Тандалған онлайн қауымдастыққа (Facebook, Instagram, TikTok, Reddit, Telegram және т.б.) микроэтнографиялық бақылау жүргізіп, зерттеушілік рефлексия мен аналитикалық есеп дайындау		15
14	Дәріс (проблемалық): Визуалды антропология, мультимедиялық зерттеу және жасанды интеллект құралдарын антропологиялық зерттеулерде қолдану	2	
14	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Фотоэтнография, бейнеэтнография және AI құралдарын пайдалана отырып мәдени деректерді талдау	2	8
15	Дәріс (проблемалық): Public Anthropology және ғылыми коммуникация: антропологиялық білімді қоғамға ұсынудың заманауи тәсілдері	2	
15	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Студенттердің қорытынды этнографиялық жобаларын (Ethnographic Research Project) таныстыру және ғылыми пікірталас	2	7
	СӨОЖ 6: Емтиханға қатысты кеңес беру		
	АБ 2		100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100

Декан _____

Байгунаков Д.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

Академиялық комитетінің төрайымы _____ Бижанова М.Т.

Кафедра меңгерушісі _____ Жұматаев Р.С.
Дәріскер _____ Әбдінәсір Н.Н.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Музей мекемелерінің ғылыми-зерттеу қызметі» жазбаша тапсырмасы

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100%	70–89%	50–69%	25–49%	0–24%
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға әлеуметтік-мәдени антропологияда ағы ерекшеліктерді саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасау	"Жақсы" деген баға кейбір мәселелер қамтылмаған, мазмұны көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Әлеуметтік-мәдени антропологияға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуы н бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Этнологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
--	--	--	--	---	--